

Досбол БАЙГУНАКОВ

**КӨНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫ  
ЗЕРТТЕГЕН ҒАЛЫМДАР**



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ  
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Ө.А.ЖОЛДАСБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ  
ҚҰҚЫҚ АКАДЕМИЯСЫ

І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ МЕМЛЕКЕТТІК  
УНИВЕРСИТЕТІ «ҒЫЛЫМ ФИЛОСОФИЯСЫ ЖӘНЕ  
ӨЛКЕТАНУ» ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

**Д.С.БАЙГУНАКОВ**

# **КӨНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫ ЗЕРТТЕГЕН ҒАЛЫМДАР**

Алматы  
2015

ӘОЖ 902/904  
КБЖ 63.4  
Б 17

Баспаға Ә.А.Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясының Ғылыми кеңесі ұсынған  
(№5 хаттама, 25 желтоқсан 2014 жыл)

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының докторы, профессор *Б.А.Байтанаев*  
тарих ғылымдарының докторы, профессор *Ә.Т.Төлеубаев*  
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент *Ғ.Т.Бексеитов*

Редакторы:

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Г.Е.Сабденова

Б 17 **Байгунаков Д.С. Көне Қазақстанды зерттеген ғалымдар.** Бірінші кітап. – Алматы: «Credos LTD С» баспасы, 2015. - 176 б.

ISBN 978-601-7114-28-2

Еңбекте ежелгі Қазақстан тарихын зерттеуге сүбелі үлес қосқан ғалымдар туралы әр жылдары автордың жазған мақалалары жинақталған. Бірқатар зерттеушілердің еңбектері отандық тарихнамада автор тарапынан жүйелі түрде осы мақалаларда тұңғыш рет талданған болатын. Автор тарапынан көне Қазақстан тарихын, археологиясын зерделеген мамандардың еңбектері ғылыми сараптамадан өтіп, олардың өткенге қатысты негізгі ой-пікірлері мен пайымдаулары бір ізге түсірілген. Ғылымның дамуы үшін зерттеушілердің еңбектерін әрдайым саралап отыру қажеттілігінен туындаған бұл ғылыми басылым археолог, этнолог, музеолог, шығыстанушы, т.б. мамандарға, өлкетанушыларға, сондай-ақ ғылымға қызығушылық танытушы көпшілік қауымға арналған.

ӘОЖ 902/904  
КБЖ 63.4

ISBN 978-601-7114-28-2

©Байгунаков Д.С., 2015  
© ТОО «Credos LTD С», 2015

## АЛҒЫ СӨЗ

Көне Қазақстан тарихын, археологиясы мен мәдениетін зерттеген мамандар жеткілікті. Алайда олардың ғылыми ізденістерін жүйелеу, негізгі пайымдамалары мен тұжырымдамаларын сараптау ұзақ уақыт бойы кемшін тартып келгендігі жасырын емес. Егер әрбір ғалымды жеке тұлға деп қарастырсақ, онда ғалымдардың мұрасын зерделеу өз кезегінде тұлғатануға барып тірелері анық. Осы жерде тоқтала кетер жайт соңғы жылдары тұлғатану тарих ғылымында қарыштап дамып келе жатқандығы анық болып отыр, себебі көптеген ғалымдардың мұрасы зерделеніп жатыр. Шындығында да жекелеген тұлғаларды жан-жақты әрі тереңінен танып алмай, ғылымды дамыту, соның ішінде тарихты, әдебиет пен мәдениетті, тіпті ұлтты танып-білудің мүмкіншілігі шектеулі екендігі де белгілі.

Айта кететін жайт белгілі бір кезеңде өмір сүрген тұлғамен кез келген оқиғаның, құбылыстың байланысы бар екендігін, тарихи үдерістерде тұлғаның рөлі орасан зор екендігі анық. Біздің ойымызша, халықтың бүгінгі келбетін қалыптастыратын жастар белгілі бір тұлғаны өзіне идеал тұтып, соған еліктесе, ештеңеден ұтылмайды, қайта ұтады, себебі ол тұлғаның тек үлгілі қадір-қасиетімен сусындап өскендіктен, бойына тек жақсы қасиеттерді сіңіреді, сонымен сусындап өседі. Осы күнгі қазақ қоғамы терең әлеуметтік талдауға зәру, ал мұның өзі жекелеген тұлғалармен астасып жататындығы белгілі жайт.


Бұл осы жинақта сөз болып отырған мамандарға да қатысты. Олар туралы автор мақалалар жариялап, жарыққа шығарды. Кейбір мамандардың ғылыми мұрасы алғаш рет жүйеленді де. Алайда ол қазақ археологиясының басында тұрған кейбір мамандар (Ә.М.Оразбаев, К.А.Ақышев, т.б.) туралы мақалалар дайындай қойған жоқ. Себебі олардың ғылыми мұрасы мен өмір белестері туралы басқа мамандар (Ұ.Үмітқалиев, т.б.) тарапынан іргелі зерттеулер жүргізілді, айшықты ой-пікірлері ғылыми талдаудан өтті. Басылым көне Қазақстанды зерделеуге үлес қосқан барлық мамандардың ғымырнамасын, еңбек жолдары мен ғылыми ізденістерін сараптаудан тұра қоймайды.

Әлі де талдаудан өтетін мамандар баршылық. Алайда бұл іс әзірге болашақтың еншісіне қалып отыр.

Жинақтағы мақалалар белгілі бір ғалымның ғұмырнамасы, ғылыми мұрасы туралы толыққанды ақпарат бере қоймайды, автор тарапынан олардың ізденістерінің бір парасы ғана ішінара талданды, отандық тарихнамадағы бірқатар өзекті деген мәселелерге ден қойылды, келешектегі ізденістердің бағыты мен бағдарлары айқындалды. Сол себептен де жинаққа енген ғалымдардың шығармашылық мұрасы, көне тарихпен байланысты күрделі мәселелерге қатысты тұшымды жауаптары, пайымдаулары мен тұжырымдары келешекте одан ары зерделене түсуі тиіс деген ойдамыз.

«Көне Қазақстанды зерттеген ғалымдар. Бірінші кітап» деген атауға иеленіп отырған бұл басылымда, негізінен, аға буын зерттеушілердің еңбектері қамтылған. Сол себепті де ол «Бірінші кітап» деп арнайы көрсетеліп отыр. Болашақта Аллах амандығын берсе бүгінгі таңдағы орта буындағы зерттеушілердің шығармашылығын таразылайтын «Екінші кітапты» түзу де жоспарда бар. Сонымен қатар мақалалар жинағы шартты түрде екі бөлімге бөлінді. Бірінші бөлімге Қазақстан дәуірін зерттеген мамандар жайлы, ал екінші бөлімге көне және ортағасырлық Қазақстан археологиясын, тарихы мен мәдениетін зерттеген ғалымдар туралы мақалалар топтастырылды. Екінші бөлімдегі мамандардың көпшілігі орта ғасырлық кезеңді зерттеуге мол үлес қосқан да болатын, сондықтан бұл кезеңнің кейбір түйіні түрткіл жайттары да автор назарынан тыс қалмады деуге болады. Әрбір маманның отандық тарихнамаға қосқан үлесі бағамдалған бұл мақалалар келешекте басқа зерттеушілер тарапынан кеңінен өрбітілетіндігіне сеніміміз мол. Сол іргелі ізденістерге тырнақалды осы мақалалар мұрындық болып жатса деген ойымыз, мақсат-мұратымыз да жоқ емес. Кітапты түзудегі негізгі концепция да осы жайтқа барып тіреледі.

Айта кету керек, кейбір мақалалардың телавторлары да бар. Олардың аты-жөндері мақаланың соңғы жағында берілді. Сондай-ақ, әрбір мақала соңында оның шыққан мерзімі, басылымы туралы, т.б. ақпарат бар.



**I БӨЛІМ**

**ТАС ДӘУІРІН  
ЗЕРТТЕГЕН  
МАМАНДАР**

## Х.А.АЛПЫСБАЕВ ЖӘНЕ ҚАРАТАУ ТАС ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ САУАЛДАРЫ

Шығысында Ертіс пен Алтай тауларынан, батысы – Еділ өзенінің төменгі ағысынан Каспийге дейін, солтүстігі – Батыс Сібір жазығынан оңтүстіктегі Тянь-Шань таулы жоталарын алып жатқан республика аумағында тас ғасыры ескерткіштері соңғы жылдары біршама жүйелі түрде зерттеліп келеді. Оларды зерттеудің қалыптасуы мен дамуын айқындауда, әсіресе, тас ғасыры проблемаларын зерделеумен шұғылданған археологтардың көзқарас ерекшеліктеріне, ғылыми пайымдауларына терең талдау жүргізіп отыруымыз қажет. Бұл жерде отандық тас дәуірінің даму динамикасын, негізгі заңдылықтарын зерттеуге сүбелі үлес қосқан Хасан Алпысбайұлы Алпысбаев тұжырымдамаларының орны ерекше.

Ғылыми ізденістеріне қарағанда Х.А.Алпысбаевтың шығармашылық қызметі мен ғылыми табыстарының отандық палеолиттану үшін мәні мен маңызы өте зор. Оған 1998 жылы Түркістан қаласында өткен «Қазақстан және онымен іргелес территориялар тас ғасыры» атты Х.А.Алпысбаевтың туылғанына 70 жыл толуына орай өткізілген халықаралық ғылыми конференция материалдары дәлел бола алады. Конференцияда ғалымның өмірі мен ғылыми қызметі жайлы, археологияға қосқан үлесі жөнінде Ж.Қ.Таймағамбетовтың «Хасан Алпысбайұлы Алпысбаев», О.Смағұлұлының «Хасан Алпысбаев төл тарихымыздың «қақпасының қалады», А.Г.Максимованың «Хасанның соңғы күндері», Н.О.Алдабергеновтың «Тасты тандап сөйлеткен», Н.Г.Панның «Көне дүниенің қажымас зерттеушісі» және басқа да ғалымдардың баяндамалары мен естеліктері тыңдалды [1]. Сөз сөйлеушілердің біразы палеолит көшіні бастаушының дүниеден ерте кетуіне байланысты көп пайымдауларын негіздеуге үлгере алмағандығына қынжылды, оның мұрағатын зерттеу керектігін айтты, сондай-ақ форумда қазіргі тас ғасыры проблемаларының басты бағыттары мен жай-күйіне назар аударылды. Жиында соңғы жылдары ашылған Қаратау, Сарыарқа, Ертіс алабындағы тұрақ-орындары

ғана емес, Зарапшан, Алтай, т.б. тарихи өңірлердегі нысандар жөнінде сөз өрбіді.

Кейінірек конференция материалдарына көрнекті археолог В.А.Ранов [2] сын-пікір жазды. Ол әрбір әріптесінің мақаласын мұқият әрі жан-жақты талдайды да, олардың еңбектеріндегі ғылыми құнды тұстарына немесе кемшіліктеріне әділ бағасын береді. Сын-пікірінің соңында сарабдал ғалым Қазақстанда өзіндік ерекше де бірегей тас ғасырын зерттеу мектебі қалыптасқандығы туралы салихалы қорытынды жасады.

Ал, бұл мектептің басында Хасан Алпысбайұлының аталуы заңды дүние болып табылады. Зерттеушінің тек Оңтүстік Қазақстаннан ғана 200-ден астам тас дәуірі ескерткіштерін тауып, ғылыми айналымға енгізуі өткен ғасырдың 60-70-інші жылдарындағы Қазақстан археологиясы үшін елеулі оқиға болған еді. Әсіресе Қаратау жотасында Х.А.Алпысбаев басқарған Қаратау палеолит отрядының 1957-1960 жылдардағы ізденістері жемісті болды. Осы жылдары ғылыми жұртшылық пен оқырман қауымға кеңінен танымал неолиттік Қараүңгір, т.б., палеолиттік Бөріқазған, Тәңірқазған, Ақкөл, Ш.Уәлиханов атындағы тұрақ секілді ескерткіштер ашылады. Олар жөніндегі мақалаларды ғылыми орта әлі күнге дейін жоғары бағалайды. Ал, 1979 жылы баспадан жарық көрген «Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана» деген монографиясында бұрын соңды жарық көрмеген нысандарға, соны ғылыми тұжырымдарына қарағанда тегінде Хасан Алпысбайұлы әрбір тұрақ материалдарын талдағанда ұзақ уақыт ой елегінен өткізіп байыппен қарап отырғандығын байқаймыз. Аталмыш еңбек археологтың көп жылдық жұмыстарының кейбір қорытындылары ғана еді. Еңбекте артефактілер сипаттамасы, байырғы адамдар шаруашылығы мен мәдениеті, ежелгі тұрғындардың Қазақстанды қоныстануы сияқты сауалдар көтерілді [3, С.208]. Соңғы мәселе бойынша ғалым адамзат баласы кем дегенде елімізді бұдан 800-700 мың жыл бұрын мекен еткен деп пайымдайды. Қаратау тас құралдары тұрпатының және оларды өңдеу тәсілдерінің Африкада, Үндістанда, Пәкістанда, Қытайда табылған ежелгі заттармен типтік ұқсастығы мұнда адам баласының шелль-ашель дәуірінде мекендегендігін аңғартады деп жорамал жасайды. Сондай-ақ зерт-

теуші мустье дәуіріндегі адам Қазақстан территориясының оңтүстікте Қаратау жотасынан, солтүстікте Есіл өзенінің басталар жеріне дейінгі және батыста Сарысудың орта шенімен, шығыста Ертістің басталар жеріне дейінгі аудандардың көпшілігін игерген дейді.

Оңтүстіктегі ескерткіштерді Х.А.Алпысбасв үш хронологиялық топтарға бөледі. Бірінші топтағыларды (Бөріқазған, Тәңірқазған, Ақкөл, Кемер-1, 2, 3) шелль-ашель, екіншілерін (Тоқалы, Дегерез, Дарбаза-3, Сүлейменсай-1, 4, 31-34; Дәуренбек, Қызылрысбек) ашель-мустье, үшіншілері (Ш.Уәлиханов атындағы тұрақ) мустье дәуірлеріне жатқызады [3, 208]. Монографияда автор кейінгі палеолит заманына немесе төртінші хронологиялық топқа Тұрлан, Арыстанды, Шабакты тұрақтарын жатқызуға болады деп есептейді. Стратиграфиясы сақталған Ш.Уәлиханов атындағы тұрақ материалдарында сақталған ертедегі тас құралдарын дайындау дәстүрі ғалымның пікірінше жоғарыда аталған хронологиялық топтар арасындағы өзара байланысты айғақтайды. Оның ойынша: Қазақстанда палеолит мәдениеттері тараған негізгі Қаратау, Сарыарка секілді екі аймақ бар.

Х.А.Алпысбаевтың замандасы А.Г.Медоев болса Қаратау палеолиті эволюциясынан екі негізгі жолды көрді. Алдыңғысы – арыстанды да, кейінгісі – леваллуа-ашель. Өлкедегі ежелгі артефактылар шыққан конгломерат қойнауының геологиялық жасын А.Г.Черняховский жоғарғы плиоцен, Н.Н.Костенко төменгі төрттік дәуірмен мерзімдегендігі белгілі. А.Г.Медоев әрдайым бірінші аталған ғалым пайымдауларына сүйеніп, Арыстанды өзені алабындағы конгломераттардан жиналған тас индустриясының үлгілерінде олдувай нышандары бар дейді. Бірақ оның өзіндік ерекшелігі Қаратауда жергілікті Арыстанды мәдениетін жеке бөлуге жағдай туғызады деп есептеген [4].

Қорыта айтқанда, Х.А.Алпысбаевтың көптеген ғылыми пікірлері қазіргі таңда даму үстінде. Уақытында ол анықтаған Ш.Уәлиханов тұрағында, неолиттік Қарауңгірде, т.б. орындарда зерттеу жұмыстары жүргізіліп, жалғасын тапты да, тың нәтижелері жарыққа шықты. Ол әлемге республика аумағын алғашқы адамдар ерте плейстоценде мекендегенін паш ете білді. Қазақстандық палеолиттің даму ерекшеліктері мен

өзгешеліктерін айқындап берді. Х.А.Алпысбаевты ғылыми жұршылық тек палеолит маманы ретінде ғана таниды. Ғалымның мезолит пен неолитке, қола дәуіріндегі петроглифтерге қатысты тұжырымдамаларына мамандар тарапынан назар аударылмай келеді. Ғалым монографиясындағы тас дәуірі ескерткіштерінің картасында белгіленген нысандардың көпшілігі ғылыми әдебиеттерде кездеспейді немесе олар жөнінде мағлұматтар тым мардымсыз болғандықтан археологтың мұрасын кешенді түрде зерттеу қажеттілігі туындап отыр.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Каменный век Казахстана и сопредельных территории. – Туркестан: ТОО «Мирас», 1998.
2. Ранов В.А. Серьезный вклад в изучений каменного века Центральной Азии // Вестник КазГУ, 2000. Сер. ист. №1.
3. Алпысбаев Х.А. Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана. -Алма-Ата: Наука, 1979.
4. Медоев А. Г. Геохронология палеолита Казахстана. –Алма-Ата: Наука, 1980.

**«Ахинжановские чтения – 2004». Тезисы докладов научной конференции молодых ученых. –Алматы: 2004**



**А.Г.МЕДОЕВТЫҢ (1934-80)  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАС ҒАСЫРЫН ЗЕРТТЕУГЕ  
ҚОСҚАН ҮЛЕСІ**

Қазақстан тарихының тас ғасырын танып білудің маңызы зор. Өйткені Отандық тарих осы кезеңнен бастау алады. Саналы да санаулы өмірінде артында өшпейтін із қалдырған, Қазақстанда палеолиттану негізін қалаған ғалымдардың бірі Алан Георгиевич Медоевтың өміріне, қызметіне тоқтай отырып жарық көрген құнды ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектеріне тарихнамалық шолу жасауды өзімізге мақсат етіп қойдық.

А.Г.Медоев 16 сәуірде 1934 жылы Ленинград қаласында дүниеге келді. Қазақтың тау-кен институтымен қатар, Қазақ Мемлекеттік университетін 1959 жылы бітірген. ҚазКСР ҒА ТАЭИ-ында 1960-1962 жылдары аға лаборант болса, 1962-1965 жылдары аспирантураның күндізгі бөлімінде оқыды. Оны бітірген соң Геология Ғылымдары Институтында 1965-80 жылдары қызмет жасаған. Ол тас ғасыры мәдениетіне қатысты антропоген қабаты мен палеографиясын ең алғашқылардың бірі болып зерттей бастады. Төрттік кезеңнің геологиясы мен геоморфологиясы, тарихи климатология мен териофауна, *Homo Sapiens* эволюциясы мен антропогенез, тас ғасырындағы материалдық мәдениеттің дамуы мен алғашқы қауымдық өнер, көшпелілер архитектурасы мен қол өнерімен айналысқан. Ғалымның еңбектері ғылымның қай саласы болмасын өз құндылығын жойған жоқ. Дегенмен де ғалымның басты ізденісі Қазақстан тас ғасыры мәселелеріне байланысты болғандығы анық.

А.Г.Медоев 1960-63 жылдары ҚазКСР ҒА-ның Геология Ғылымдары Институтының Солтүстік Балқаш экспедиция құрамында, 1964-1965 жылдары Бетпақдала экспедициясының отрядын және 1966-69 жылдары Маңғышлақ комплексті экспедициясын басқарып жүріп Семізбұғы, Қызыл-Қайнар, Шақбақата, Құдайкөл, Қарасор секілді көптеген тас ғасырының ірі тұрақтары мен ескерткіштерін ашты.

А.Г.Медоевтың «Геохронология палеолита Казахстана» атты еңбегін А.С.Сарсеков топтастырып, құрастырып, алғысөз жазып 1982 ж. шығарды. Бұл монография геологтарға, археологтарға, геоморфологтарға арналған көлемді де маңызды еңбек болып табылады. Монографияда А.Г.Медоевтың көп жылдар бойғы ізденістері мен ашқан жаңалықтары қамтылған. Оны 2 бөлікке бөліп қарадық. Бірінші бөлікте Қазақстан тас ғасыры мәдениетінің таралу аймағы мен кезеңдері сөз болады. «Ареальный принцип служит предпосылкой и основой геохронологических построений»<sup>1</sup> – деп көрсете отырып, Қазақстан тас ғасыры мәдениетінің таралу аймақтарына Маңғышлақ, Сары-Арқа, Ертістің сол жақ жағалауларын, Шыңғыс тау жоталары және Қаратау өңірін кіргізеді. Аталған өңірдің әрқайсысына жеке-жеке тоқтап өткен. Маңғышлақтағы I Шақбақатаны кейінгі палеолитке, II Шақбақатаны эпилеолитке жатқыза отырып, теориялық жағынан протолеваллуа-ашельмен левуаллуа-ашель I арасында археологиялық материалда әлі де байқалмаған өтпелі кезең болуы мүмкін деген. Протолеваллуа-ашель I – Африка мен Европадағы орта ашель мөлшері. Протолеваллуа-ашельде Олдувай мәдениеті мен көне ашель үлгілері аралас болуы мүмкіндігін айтады. Ашель кезеңінің дамуы шапқы (рубило) шығуынан басталса, бұл жаңа кезеңнің белгісі колундар кливердің және комбев техникасының шығуынан көрінеді деген өз ойын білдіріп, протолеваллуа-ашель бифастарының өзіне тән ерекшеліктерімен қоса, олардың қайталанбайтындығына тоқтап өткен.

Сары-Арқада Семізбұғы тауынан 50000 астам, Хантауынан 10000 астам тас құралдары табылғандығы, олардың ерекшеліктері айтылады. «Геоморфологический аспект палеолитических стоянок Сары-Арқа характеризуется двумя основными позициями: шлефа конуса выноса и вторая надпойменная терраса»<sup>2</sup> деп көрсете отырып, бұл аймақты Маңғышлақ тұрақтарымен салыстырған. Ғалымның жорамалы бойынша, бұл ареал шеңберінде өзіндік ерекшеліктері бар жинақтар аймағы болуы да мүмкін.

Ертістің сол жақ жағалауындағы Құдайкөл I, II тұрақтарын кейінгі палеолитке, Құдайкөл III тұрағы эпилеолитке жатқызған. Автор пікірінше бұл өңірден табылған реликті индуст-

рия Қарасор мәдениетін құрайды және Гиссар мәдениеті (Тәжікстан) мен Осинов мәдениеттерімен (Қиыр Шығыс) барабар.

Шыңғыс тау жоталарында Өкпекті тауының оңтүстік-шығыс бөлігінде бір ғана ашық жатқан палеолит тұрағы бар екендігін және оның тас үлгілері 200-ге жуықтығын, коллекцияда бірде-бір нуклеус жоқтығын айтады. Бірақ таудың шығыс бөлігі мардымсыз зерттелгенін, мустье тобындағы және саяқ типіндегі кейінгі палеолит мәдениеттері болуы мүмкін екендігі айтылады.

Қаратау сілемдерін палеолит мәдениетінің Қазақстан мен Азиядағы ең күрделі де бай ареалы деп жоғары баға береді. Сонымен қатар тас ғасырына байланысты кейбір теориялық мәселелер айтылып тыңғылықты талдау жасалған. Бірқатар ғалымдардың еңбектеріне, пікірлеріне және көзқарастарына сүйене отырып, дейекті болжамдар жасады.<sup>3</sup>

Екінші бөлікке Қазақстан палеолитінің тас құралдарының геохронологиясы мәселелерін жатқызуға болады. Құрылым негізіне археологиялық материалдар алынған. Оны талдауда, геологиялық жағдайлар, геоморфологиялық ұстанымдар, жаңаша тектоникалық қозғалымдар және палеографиялық контекст ескерілген. Кейінгі плиоцен, ежелгі және орта плейстоцен, кейінгі плейстоцен кезеңдерімен тұтас еліміздің жерінен табылған тұрақтарды анықтайды. Ғалымның Африка, Европа және Қазақстан палеолит мәдениетінің негізгі кезеңдерін салыстыра жасаған кестесі, Маңғышлақ тас ғасырының геохронологиялық тізбесі сөз жоқ теңдесіз туынды.

А.Г.Медоев көп жылдар бойы Солтүстік Балқаш маңында зерттеу жұмыстарын жүргізген. Ал, бұл аудан солтүстікте – Сары-Арқа Бас су бөлінісінен, батыста – Мойынты өзенінің өңірін, шығысында – Аягөз өзенінің өңірін, оңтүстікте – Балқаш көліне дейінгі жерлерді алып жатыр.

Ғалымның осы аудандағы палеолит мәдениетіне байланысты біршама еңбектері жарық көрген. Солардың бірегейі «Новые материалы по каменному веку Северного Прибалхашья и хребта Чингиз» ғылыми мақаласында 1960-61 жылдары ҚазКСР ҒА ГҒИ мен Ш.Уәлиханов атындағы ТАЭИ-ның біріккен экспедициясының тың зерттеу нәтижелері айтылады. Жүргізілген

ізденістер мен зерттеулер тас ғасырының жаңа ескерткіштерінің ашылуына әкелді. Басымбөлігі Семізбұғы тауының төңірегінен табылған. Жаңа фактылар ежелгі палеолиттің Азиядағы солтүстік шекарасын Оңтүстік Қазақстаннан Сары-Арқа оңтүстік жиегіне жылжытуға әкелетіндігін айтып, жоғары бағалады<sup>4</sup>. Сонымен бірге, Солтүстік-Батыс Балқаш маңындағы, Шыңғыс тау жоталарындағы барлау нәтижелері, тасқа түскен зерлер айтылған. Ғалым болжауынша Шыңғыс тау жоталарында алдын-ала есептеу бойынша ежелгі палеолиттік (мустье) және кейінгі палеолиттік элементтер кездеседі.

«Новое в археологии Казахстана» жинағына енген А.Г.Медоевтың «Стоянка-мастерская у озера Кудайколь» атты еңбегінде Құдайкөл тұрақтарының индустриялық техникасы және типология мәселелерін қамтылған. Диск тәріздес нуклеус (өзектас – ред.), леуалла типіндегі нуклеустер (70 дана), ұрғылар, шапқылар және т.б. құралдарының ірі көлемде болуы Құдайкөл техникасында архаикалы іздер барлығын көрсететіндігін айтып өткен. Ғалымның ойынша Сары-Арқаның солтүстік-шығыс өңіріндегі кейінгі палеолит мәдениеті леваллуа-ашель субстратына шығады. «Сонымен қатар, бұл мәдениет өзінің эипалеолиттік фазасының табалдырығында тұр»<sup>5</sup> – деп анықтама берген.

Ал, келесі бар «Ареалы палеолитических культур Сары-Арқа» еңбегінде 1960-1969 жылдардағы Сары-Арқада жүргізілген зерттеу нәтижелермен қоса палеолит мәдениетінің ареалдарының региондық тізбесі жасалынған. Плейстоценде Сары-Арқа жерінде ашель, леваллуа-ашель, мустье және кейінгі палеолит мәдениеттері болғандығы анық. Бұл ғылыми шығармасында автор бұрынғы өз зерттеулеріне сүйеніп, біршама тыңғылықты талдаулар жасайды. Сары-Арқада тас ғасырын географиялық және топографиялық жағынан геологиялық құрылысын ескере отырып, жүргізілген зерттеу жұмыстары, үстіңгі қабаттың құрылысы мен палеоклиматтық факторлардың түрлі үлгілері тұрған жеріндегі орналасудан қатаң заңдылық байқалынады, Әсіресе, Солтүстік Балқаш маңынан<sup>6</sup>. Ол, сонымен қатар кең ауқымды алып жатқан Сары-Арқадағы барлық палеолит мәдениеттерін біртұтас етіп біріктірген. «Позднепалеолитические каменные индустрии Сары-Арқа, Северного Китая и Монголии

являются фациями одной культуры»<sup>7</sup> деп, еліміздің жерінен табылған тас ғасырының ескерткіштерін жоғары деңгейге көтереді.

Ендігі біз сөз ететін сала – тастағы бедер, зер, бейнелеу мен өрнек сәні болмақ. Өйткені А.Г.Медоев осы салада көп тер төгіп, еңбек еткен. Тастағы ою-өрнек тарихын зерттегенде тас ғасырының мәдениеті мен халықтық өнердің басқа салаларымен байланыстырған. Кейбір жан-жануарлардың бейнесіне қарап, олармен қатар адамдар да өте ерте заманда Қазақстан жерін мекендегенін дәлелдеуге тырысқан. Оның «Гравюры на скалах Сары-Арка, Мангышлак» атты толымды кітабында тас ғасыры суретшілерінің еңбегі адай шеберлері өнерімен ұштастырылған<sup>8</sup>. «Наскальные изображения гор Тесиктас и Караунгур» мақаласында Солтүстік Балқаш маңының орталық бөлігіндегі құлама, еңіс және көлденең жатқан жартастардың жарықшақтарындағы жеке адамдар, адамдар тобы мен аңдардың, содан кейін символдық белгілік бедері сөз болады. Тесіктас тауының маңындағы жартастағы таңбаларды алғаш 1959 ж. ҚазКСР ҒА ГФИ-ның геологы Г.М.Козловский кездестірген. Келесі жылғы осы экспедицияның құрамына А.Г.Медоев командировкаға (іс сапарға – ред.) жіберіліп, зерттеу материалдары айтылған Тесіктас тауы мен Қарауңгір маңынан табылған алғашқы қауымдық бейнелеу өнеріндегі адам, оның қызметі, жан-жануарлар деп бөлініп, рет-ретімен жазылған. Ол: «публикуемые в статье памятники древнего искусства представляют большой исторический интерес как свидетельство изобразительного творчества на этой территории с эпохи камня»<sup>9</sup> – деп, өнерімізді өте ерте заманға апарды.

Ал, А.Г.Медоевқа «Түлкілі тауындағы (Солтүстік Балқаш маңы) тастағы зер» еңбегіндегі бедерді алғаш 1962 жылғы далалық жұмыстар кезінде геолог-ғалым Ф.М.Ибрагимов көрсеткен болатын. А.Г.Медоев бедердегі (гравюра) стиль мен формалар, мазмұнына жасалынған талдауында - жартастағы бейнелер басым бөлігін Балқаш маңындағы микролит мәдениетінің гүлдену кезеңіне жатқызылады. Түлкілі тауындағы жартастағы бейнелеу екі орыннан табылған: біріншісі – оңтүстік-шығыс шетінен, екіншісі – солтүстік-батысқа қарай (тауды ішіркелей) бірінші орыннан 5 шақырымдай жерден табылған. Автор мақалада 20-

ға жуық суреттерге жеке-жеке талдау жасап, анықтама береді. Ол барлық бедер комплексінің (кешенінің – ред.) мазмұнына қарап тұрып, оны жасаушылар аңшылықпен айналысқанын көруге болады деп және бейнелеуде бірде-бір мал шаруашылығы не болмаса егіншілік ізі байқалмайды деген<sup>10</sup>. Оның пікірінше Түлкілі тауынан табылған жартастағы бейнелеуді жасағандар Солтүстік Балқаш маңын неолит дәуірінде мекендеген микролит мәдениетінің иелері.

«Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана» жинағына енген «Маңғышлақ түбіндегі Айрақты тауы төңірегіндегі жартастағы бейнелеу» 1966-1968 жылдардағы МКЭ құрамында жүрген кезіндегі зерттеу жұмыстарының нәтижелерінің бір бөлігі ғана болып табылады. Айрақты «картина галереясы» шөлейтте өзіндік көркем орындардан табылған. А.Г.Медоев бұл өнер туындыларын XVIII-XIX ғасырларға жатқызып, адай тайпасы шеберлерінің шығармасы деген<sup>11</sup>. Сонымен бірге Маңғышлақтағы түрлі зираттарда орнатылған қабырғаларды сәндеп тұрған жазу таңбаларымен салыстырып, қазақ ою-өрнегі тарихы әріден басталатындығын тілге тиек етеді.

Жалпы, қазақтың ою-өрнегі, сөз жоқ, ұлттық туынды. Айнала қоршаған дүниені бейнелеу тәсілі ретінде ою-өрнек бір жағынан петроглифтер тәрізді ерте дәуірлерде қалыптасқанын, өсімдік, жануар әуенді түрімен байи түскенін бізге бірден-бір жеткізген А.Г.Медоев болып табылады. Қазақтың ою-өрнегі сан ғасырлар бойы өзінің бастапқы қалпын сақтап, әрі жаңа айшықтармен толығы түскендігі рас. Дегенмен, қазақ халқының қол өнері үлкен әңгіменің, терең зерттеудің тақырыбы. Соның ішінде ою-өрнек – халық өнерінің ұлттық ерекшелігін айқын танытатын, даралап көрсететін үлкен саласының бірі болып табылады. Қазақтың ою жасау, өрнек салу өнерінің тарихы тереңге кетеді. Сондықтан да, біз А.Г.Медоевтың өрнекке, бедерге байланысты еңбектеріне біршама тоқтап өтуге тырыстық. Өйткені, археология мен қолөнер астарласып жатқандағы шындық. Тағы да айтарымыз, ою-өрнек тарихын зерттегенде халықтық өнердің басқа салаларымен байланыстырған жөн. Сонда бұрын белгісіз болып келген біраз даулы мәселелердің жаңа жақтары ашылып, өнерге байланысты маңызы жоғары жаңа фактілерге кезігуіміз мүмкін.

А.Г.Медоевтың кейбір сөздерінің мағынасын жоғалтпау үшін, сол қалпында орыс тілінде бердік. Өйткені әрбір сөзі немесе сөйлемі өз маңызыдылығымен, тереңдігімен ерекшеленеді. Ол әрдайым еңбектерін бір-бірімен ұштастырылып отырған. Барлық еңбектерінде түгел қамтымай, тек басты-бастыларын ғана алдық.

Мақаламызды қорыта айтар болсақ, А.Г.Медоев зерттеу арқылы ең алғашқы адам қазбасы Маңғыстау түбегі мен Қаратау сілемінде плиоцен кезеңімен тұтас екендігін анықтаған. Ол екі миллион жылдай бұрын Азия жерінде адам әулетінің жабайылық патшалығынан адамдық қалыптасуға ойысқанын, сол даму сілемінің автохондығын алғаш болжам етті<sup>12</sup>. Бірақ, А.Г.Медоев өз жорамалдарын негіздеуді ақырына дейін жеткізе алмай кетті. Ол 1980 жылы қараша айында қайтыс болып, небары 46 жыл ғана өмір сүрсе де, тас ғасырын зерттеуге баға жетпес үлес қосты. Қазіргі таңда жүргізіліп отырған зерттеулер, А.Г.Медоев болжамдарының шындыққа жақын екенін көрсетуде. Мәселен, Қызыл Тау тұрағы ғалымдарымыздың есептеуінше 1 миллион жыл шамасында<sup>13</sup>. А.Г.Медоевтың игі ісін жалғастырып, тас ғасырын зерттеуде тыңғылықты жұмыс атқарып жүрген Ж.Қ.Таймағамбетов, О.А.Артюхова және т.б. ғалымдарды атауға болады. Аталған ғалымдар Ресей ғалымдарымен бірігіп, А.Г.Медоев құрметіне көлемді монография шығарды<sup>14</sup>. Сонда да ғалым еңбектері әлі де толық ескерілмей жатыр. Теориялық жағынан сүйену үшін, тас ғасырын зерттеуді одан әрі дамыту тұрғысында, оның еңбектерін топтастырып қайта басып шығару қажет. А.Г.Медоевтың ашқан жаңалықтары, өнегелі істері келер ұрпаққа тағылым болары анық.

### Әдебиеттер:

1. Медоев А.Г. Геохронология палеолита Казахстана. –Алма-Ата: Наука, 1982. –С.14

2. Сонда. -С.22

3. Алпысбаева Х.А. Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана. –Алма-Ата: Наука, 1979; Вислогузова А.В. К вопросу о геологическом возрасте древнего палеолита хребта Каратау // Изв. АН Каз.ССР, 1973. Сер. геол. -№4; Любин В.П. Нижний палеолит // Каменный век на территории СССР. –Москва: Наука,

1970; Черняховский А.Г. К вопросу о расчленении плиоцен-четвертичных отложений хребта Каратау // БКИЧП, 1962. -№27

4. Медоев А.Г. Новые материалы по каменному веку Северного Прибалхашья и хребта Чингиз // Вестник АН КазССР, 1962. -№3. -С.87

5. Медоев А.Г. Стоянка-мастерская у озера Кудайколь // Новое в археологии Казахстана. -Алма-Ата: Наука, 1969. -С.133

6. Он же. Топография стоянок каменного века в северо-восточном Прибалхашье // Вестник АН КазССР, 1965. -С.85-88

7. Медоев А.Г. Ареалы палеолитических культур Сары-Арка // По следам древних культур Казахстана. -Алма-Ата: Наука, 1970. -С.212

8. Медоев А.Г. Гравюры на скалах. Сары-Арка, Мангышлак. -Алма-Ата: Өнер, 1979. -Ч.1.

9. Медоев А.Г. Наскальные изображения гор Тесиктас и Караунгур // Труды ИИАЭ КазССР: Новые материалы по археологии и этнографии Казахстана, 1961. -Т.12. -С.77

10. Медоев А.Г. Гравюры на камне в горах Тюлькули (Северо-Восточное Прибалхашье) // Вестник АН КазССР, 1963. -№7. -С.92

11. Медоев А.Г. Наскальные изображения у горы Айрақты на полуострове Мангышлак // Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. -Алма-Ата: Наука, 1962. -С.151


12. Медоев А.Г. Геохронология палеолита Казахстана // Вестник АН КазССР, 1981. -№8. -С.58

13. Деревянко А.П., Таймагамбетов Ж.К., Бексеитов Г.Ж. и др. Новые материалы древнекаменного века из района Южного Казахстана // Новости археологии. -Туркестан: НИЦ Археологии и этнологии МКТУ, 1997. -№1.

14. А.П.Деревянко, Б.Ж. Аубекеров, В.Т.Петрин, Ж.К.Таймагамбетов, О.А.Артюхова, В.Н. Зенин, В.Г.Петров. Палеолит Северного Прибалхашья (Семизбугу пункт 2, ранний-поздний палеолит). -Новосибирск: Изд. СО РАН ИАЭ, 1993.

**ҚазМҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. 1999. №12**





**II БӨЛІМ**

**КӨНЕ ДӘУІРЛЕР**  
**ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕГЕН**  
**ҒАЛЫМДАР**

## Ә.Х. МАРҒҰЛАН - КӨНЕ ДӘУІР ЗЕРТТЕУШІСІ

Қазақ халқының шынайы тарихын түзудегі жеке басының жауапкершілігін ішкі дүниетанымына айналдырған Әлкей Хақанұлы Марғұланның /1904-1985/ есімі елімізде ғана емес шетелдік тарихнамада да кеңінен танымал. Өмірінің соңғы сәттеріне дейін қазақ ғылымына адал қызмет етіп, өз халқының бүтіндей руханиятына теңдесі жоқ үлес қосқандығы аз айтылып жүрмесе де, ол көтерген кейбір мәселелер зерттеушілер тарапынан тереңдетіле қарастырылмай, бірқатар құнды тұжырымдамалары мен келелі пікірлері әлі де одан ары өрбітілмей келеді.

Осы уақыттарға дейін ғалымдар назарын өзіне аудартқан оның ғылыми ізденістері негізінен тас дәуірі мен кейінгі орта ғасырлар аралығындағы қазақ сахарасындағы заттай және рухани мәдениет мәселелеріне арналды. Ғалымның «Ежелгі Қазақстан қалалары мен құрылыс өнері тарихынан», «Қазақстанның көне архитектурасы», «Орталық Қазақстандағы Беғазы-Дәндібай мәдениеті» секілді монографияларымен бірге тарихқа, этнология мен археологияға, әдебиет пен өнерге қатысты 350-дей зерттеу еңбектері мен энциклопедиялық мақалалары жарияланған. Олар – ұлттық мәдениетіміздің алтын қорының қомақты бір бөлігін құрайды.

Ә.Х.Марғұланның өмірі мен шығармашылық қызметі өнегеге толы. Ол 1904 жылы 11 мамырда бұрынғы Павлодар уезі, Ақбеттеу болысы, №2 ауылда дүниеге келген. Бес жасында оған әкесі Хақан арабша хат танытады. Бастауыш білімді Шідертідегі ауылдық қазақ мектебінен алады. Бала кезінен қазақтың тарихи жырларын жаттап, ауыз әдебиетімен сусындап өсті. 1915 жылы Баянауылдағы үш жылдық орыс мектебіне оқуға келеді. 1919 жылы Павлодар қаласындағы алты айлық мұғалімдер курсына оқуға барып, оны 1920 жылы бітіріп шығады да, ауылына мұғалім болып оралады. Сол кездері алған білімі оны қанағаттандыра қоймағандығы анық. Білімге құмарлығының арқасында ол ізденіп, 1921 жылы Семей қаласындағы педагогикалық техникумға оқуға түседі де, оны 1925 жылы тәмәмдап шығады. Техникумда 1924-1925 жылдары оқытушылық қызмет атқарып

жүрген Мұхтар Әуезовпен танысып, достасады. Мұхтар Омарханұлына ол ой өрісінің кеңдігімен ұнайды. Әлкей Хаканұлына ол Ленинградқа оқуға баруға кеңес береді. Өзі Ленинградқа оқуын жалғастыру үшін 1925 жылы жолға шығады. Осы кезде кемеңгер жазушы өзімен бірге Әлкей Хаканұлын да алып кетеді. Мұнда Ә.Х.Марғұлан Шығыстану институтына оқуға түседі де оны 1929 жылы аяқтайды. Институт бітірердегі диплом жұмысының тақырыбы Абай Құнанбайұлының шығармашылығына арналады. Бұл тақырыпты таңдауына М.О.Әуезовтың себепкер болғаны анық. 1928 жылы Ленинград мемлекеттік университетінің тарих-филология факультетінде, Өнер институтында дәрістер тындады. 1930-1931 жылдары Алматыдағы Терминологиялық комиссияның ғалым-хатшысы, ал 1931-1935 жылдары Ленинградтағы Мемлекеттік тарих және материалдық мәдениет академиясында аспирант болды, оқытушылық қызмет атқарды. 1936-1938 жылдары Мәскеудегі КСРО ҒА Материалдық мәдениет тарихы институтында стажер, ғылыми қызметкер болған. 1938 жылы Алматыдағы КСРО ҒАФ-ына жұмысқа шақырылады. 1943 жылы «Хандар жарлығының тарихи маңызы» тақырыбы бойынша тарихтан кандидаттық, 1945 жылы «Қазақ халқының эпикалық жыр-дастандары» тақырыбы бойынша филологиядан докторлық диссертацияларын қорғады. 1946 жылдан бастап өмірінің соңына дейін ҚазКСР ҒА-ның Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтында ғылыми қызметтермен айналысты.

Ә.Х. Марғұлан – ең алдымен қазақ археология мектебінің іргетасын қалаушысы және негізін салушысы болып табылады. Ғалымның бастамасымен құрылған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы әлі күнге дейін Сары-Арқа жерінде далалық зерттеу жұмыстарымен айналысуда. 1975-1981 жылдары экспедицияны М.Қ.Қадырбаев, одан бергі уақытта Ж.Құрманқұлов басқарып келеді. Экспедицияның алғашқы жылғы /1946 ж./ үш айға созылған барлау жұмыстары Бетпақдала шұраттарында, Сарысу мен Кеңгір өзендері алабында, Шудың төменгі ағысында және Қаратаудың солтүстік беткейінде жүргізіледі. Көптеген тың материалдар жинастырылады. Экспедиция мүшелері барлығы алты

мындай км жол жүріп өтеді. Жолда кездескен түрлі гравюралар мен қазақ руларының таңбалары салынған бірнеше шатқалдар, сәулет өнерінің құрылыстары /кесенелер, ме-шіттер және т.б./, X-XI ғасырлардағы қала орындары /Бөгезілі, Қызылқорған, Созақ, Баба-Ата, Құмкент, Саудакент, Ақсүмбе, т.б./ зерттеліп, жобалары қағазға түсірілді. Кеңгір өзені бойындағы Алаша хан мен Жошы хан секілді ескерткіштерде ішінара қазба жұмыстары жүргізіледі /1/. Осы кездегі атқарылған далалық ізденістерді саралай келе, ол бірнеше жылдарға белгіленген археологиялық жұмыстардың нақты жоспарын жасау, білікті мамандар даярлау заман талабына сай жабдықталған экспедициялық базалар құру секілді іс-әрекеттерді жүргізбей, отандық археологияны қалыптастыру мен оны дамыту мүмкін еместігін түсінеді. Сондай-ақ Қазақстан археологтарының алдында ең бірінші кезекте қазақ халқының этногенезін, көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы мен дамуын, көшпелі және отырықшы мәдениеттердің өзара байланысын анықтау міндеттері тұрғандығын атап кетті. Бұдан ғалымның ұлтына деген ерекше құрмет сезімін көруге болады. Мұндай проблемаларды шешу үшін ол археологиялық барлау және стационарлық жұмыстарды болашақта одан әрі жандандыра түсу керек деп есептеді. Ә.Х.Марғұлан негізгі экспедициялық жұмыстарды ең алдымен түрлі дәуірлерді қамтыған ескерткіштер шоғырланған келешегі зор аудандарда жүргізген жөн деген болатын. Ғалымның: «а) Қазақ КСР-ндағы ежелгі отырықшы қоныстар тарихын (II-XI ғасырлар) кезектесе жүрген отырықшылық пен көшпелі мал шаруашылығын байланыстыра зерттеу керек; б) Ежелгі кен орындарын игеру ісіне көңіл аудара отырып, қола және темір дәуіріндегі мәдени ескерткіштерді сондай-ақ патриархалды-рулық құрылыс кезеңін зерделеу қажет; в) адамзат тарихындағы ежелгі дәуірлер - палеолит пен неолитті зерттеу керек» деген пікірі басқа да археологтардың осы бағыттарда қажырлы еңбек етуіне өз септігін тигізді /2,7-8 бб./.

Қазақстанда археология бөлімін құру отандық тарихтың ерте кездерін зерттеуге кеңінен жол ашты. Ежелгі және орта ғасырлық жазба деректер сипаты жағынан Ә.Х.Марғұланды толық қанағаттандыра қоймағандығы анық. Ол Қазақстан

тарихын барынша толымды түрде жазып шығу үшін, археологиялық жұмыстардың алар орны ерекше екендігін көре білді. Сондықтан да осы ғылым саласын дамытуға көп күш жұмсады. Мәскеу мемлекеттік университетінің археология кафедрасымен тығыз қарым-қатынас орнатып, жас мамандарды (А.Максимова, Т.Сенигова) Қазақстанға жұмысқа шақырды. Біршама уақыттардан кейін отандық археологтар өздерінің ғылыми стратегиясы мен тактикасын қалыптастырып, Қазақстан тарихына қатысты тың мағлұматтар ала бастайды. Қысқаша айтқанда, 1946-1952 жылдар аралығында Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы Сары-Арқа мен оған іргелес жатқан өңірлерден, неолит дәуірінің тұрақтарын, андрон мәдени-тарихи қауымдастығының қоныстары мен қорымдарын, ерте көшпенділер ескерткіштерін, жартасқа түскен петроглифтер мен тас мүсіндер, ортағасырлық қалаларды және кесенелерді, күмбездерді тауып, Отан тарихына қажетті мәліметтер жинастырды /3/.

Еуразия далаларында қола дәуірінің қалыптасуын анықтау ХХ ғасырдың ортасындағы күрделі ғылыми мәселелердің бірі болды. Оның нақты шешімдерін тас дәуірінің соңғы тарихи мәдени кезеңдерінің даму заңдылықтарын ескермей әрі терең пайымдамай табу мүмкін емес еді. Бұл уақыттардағы адамдар пайдаланған тас құралдарын жасау техникасы мен дәстүрі қола ғасырында да өз жалғастығын тауып, екі дәуір өзара сабақтасып жатты. Тастан жасалған құралдарды қоладан дайындалған шаруашылыққа қажетті бұйымдар түгелдей дерлік ығыстырып шығарып тастай алмады. Әйтсе де, қола дәуіріндегі жаңа металдық мәдениеттер Қазақстан аумағындағы байырғы тайпалар өркениетінің жоғарғы деңгейде өрлегенін айғақтайды. Мысалы, солардың бірі Ө.Х.Марғұлан ғылыми айналымға енгізген Орталық Қазақстандағы қола дәуірінің соңғы кезеңіне жататын Беғазы-Дәндібай мәдениеті болып табылады. Бұл кезде де одан бұрынғы Нұра, Атасу кезеңдеріне тән шаруашылық үлгілері ішінара болса да сақталды. Зерттеуші олардың қайнар бастауларын жергілікті неолиттік және энеолиттік мәдениеттерден іздестірді. Даму заңдылықтарын, тарихи үрдістерін айқындау мақсатында ол тас дәуірінің бірқатар проблемаларын шешуге талпынған болатын.